

Қостанай қаласы,
Ғафу Қайырбеков атындағы №9 орта мектебі
Қатысушы: **Мухтарова Малика Болатовна**
Сыныбы: 9 «а»
Жасы: 15
Жетекшісі: технология пәні мұғалімі-**Ауелбекова Гулнар Фермебаевна**



Мухтарова Малика - жан-жақты өнерлі бала, кестеде, шілтерде, тоқымада тоқиды бисерменде, батикпенде айналысады, әнде айтады, би де билейді, әрине мүгедектер арбасында. Республикалық ән және би байқауларының жүлдегері.

Көрсем, білсем, үйренсем деуден жалықпайтын жан. Облыстық қолөнер байқауларының да жүлдегері. Мектепшілік өзінің жеке шығармашылық көрмесін өткізе салып, қалалық көрмеге шығып, жергілікті газетте Малика туралы көлемді мақала шықты. Мектебіміздің ғана емес Қостанай қаласының мақтанышы деуге болады.



2сурет



Маликаның 1-ші суреттегі жұмысы бисерден жасалған ағаштың тоқу техникасы үшін дөңгелек формалы бисерлердің 60-70 г қызыл күлгін түсті және 50г жасыл түсті керек. Ақ түсті немесе сары түсті мыс сым және қайшы қию үшін қажет. Тоқу әдісі өте оңай.

Сабақтың жабдығы: 40x25 шаршы ақ мата, жібек жіп немесе леска (қармақ жіп), ине (өте жіңішке), домалақ бисер, таяқша бисер(қысқа, ұзын), формасы өзгеше

қырлы моншақ, қайшы, ақ жайма (алдарына төсеуге), әр моншаққа ернеуі аласа жеке-жеке ыдыстар қажет.


Орындалу реті: ұзындығы 25-30 см болатын шамамен 20 сым кесіп дайындау керек.

Жұмыс орны Бисермен тоқу жұмысы қызықты әрі қарқынды жүру үшін, тек құрал-сайманның түгел болуы ғана емес, жұмыс орныңды ыңғайлап алу, әсіресе ол жерде қалай орналастыруды ойластыру қажет. Моншақтарды түстеріне қарай әр ыдысқа жеке-жеке орналастырып алу қажет.

Жапырақтың тоқылу әдісі келесі түрде орындалады. Ұзындығы мейілінше 25-30 см болатын мыс сым алынады. Мыс сымның жуандығы бисердің бойынан параллель өтетіндей болу керек.



Жапырақ, гүлдің шабылған бисермен тоқылуы.





Гүл. Параллель тоқу әдісі.

Сымға таңдалған үш бисер кигізіледі. Бір жақ ұшымен ортасындағы бисерді қалдыра отырып екі жақтағы бисерден өтеді. Бір-біріне тығыз орналасып, үш моншақтан тұратын үшбұрыш құралады. Мұндағы есте ұстайтын екі сымның ұштарының ұзындығы тең болуы қажет. Содан соң сымның кез келген басына үш бисер өткізіп, арғы басымен қарсы параллель жүргіземіз. (Схемада көрсетілгендей). Жұмыс негізінен параллель тоқу схемасына сәйкес әрі қарай жалғастырылады. Осы әдіспен ортасындағы ең жалпақ тұсына келгенде қанша бисер болса, сол бисерден әрі қарай біртіндеп кемітіп, жапырақ шашылып қалмау үшін соңғы қатар орындалған соң сымның ұштарын мықтап бұраймыз. Осындай тәсілмен бірнеше жапырақтар тоқуға болады. Осы жапырақтар арқылы бұтақ құрауға болады. Гүлдердің әркелкілігі, түстердің байлығы осы гүлдерден көрінуі тиіс.

Бұл гүлдің орындалу техникасы үлгіде гүлдің тек бір ғана бұтағының схемасы берілген. Алайда композиция құрау үшін әр түрлі тәсілде орындауға болады. Пайдаланатын бисерлер ақ перламутр түсті және жылтыр сирень түстес бисерлер де қолданылады.

Дайындалған ұзын сымның тең ортасынан бес домалақ бисер алғаннан кейін оны бұрап бекітіп, келесі бес бисерді орындағанда сымның тек бір жақ басынан теріп бұрап алғаннан кейін, келесі ретте сымның келесі басынан осылайша орындалып кезектесіп отырады. Осылайша суреттегідей орындап алғаннан кейін дайынбұйымды әртүрлі бағытқа бұрап көтеріп ине- жіппен бекітеміз.



Маликаның екінші суреттегі жұмысы жібек матаға салынған қыздың портреті мен түйінді батик техникасында орындалған жібек орамалдар.

Батиктің орындалу әдістері оған қажетті материалдар.




Жұмыс кезінде мынадай материалдармен құралдарқажет: Кергіш, мата, қайнатуға арналған екі ыдыс. Олар эмальданған немесе татталған болмауы керек.т.б. керек

Батик үшін қолданылатын мата түрлері. Әр батик түріне матаның да алатын орны ерекше. Суық батикке арналған әрбір резервті мақта сіндіріп ала алмайды.

Суық батик жазу кезінде жібек матаны пайдаланған дұрыс (крепдешин, шифон,атлас). Матаға сурет салу үшін арналған бояулардың түрлері өте көп. Батик техникасында бояулар-сұйық. Олар матаға жақсы жайылып,бір-бірімен араласады. Өрнекке ең тиімді-анилинді бояулар.

Қыздың портреті суық батик кезеңінде орындалған алдымен суретті қағазға салынып алынады да кергішке таза ақ түсті ма жібек матаны керіп алып, алдын ала дайындалған суретті астын биіктеу етіп, себебі сурет матаға тиіп тұруы керекматаның бетінен енді сурет анық көрінеді де карандашпен көшіріп салып аламыз.Матаға суреттің бойымен резервті жүргізіп аламыз. Енді бояу жүргізбес бұрын матаның бетін сулап аламыз себебі бояу биркелкі жайылу үшін. Енді бояуымызға болады. Нысаналау (резервтік контурдың жүргізілуі) кезінде үзік болмауын ескеру керек ондай жағдайда бояу келесі жаққа өтіп кетеді.

Маликаның түйінделген батикте орындалған жібек орамалдары матаны түйіндеп байлау арқылы боялған. Оның техникалары:«Бандан» техникасы түйінделген батик түрлерінің бірі «планги» техникасы бұл кезеңде алдын ала дайындалған таза ақ жібек орамалдар керек және батик бояулары мен ширатылған қалың жібек жіп қажет болады.**Жұмыс орны:** стол,кленка(боя столды бүлдірмес үшін), қылқаламдар,стакан қылқалам үшін, моншақ немесе түйме түйіннің ішіне салып орауға және батик бояулары.



Осы суреттегі әдісті қолданып, жібек орамалды әр түрлі тәсілмен түйіндеп кез келген өрнек түрлерін шығарып алуға болады. Жіппен не үшін буамыз деген сұраққа өздеріңіз түсінген боларсыздар бояуды шектеу үшін, ары қарай кетпеуге. Әр түрлі түстерді пайдаланып тамаша орамалдар шығаруға болады екен.

